

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 1415 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.06.2020 № 375 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 47-48, 444-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Халық денсаулығы

және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 6-бабының 12) тармақшасына, 10-бабының 7) тармақшасына және 77-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды не мемлекеттік және мемлекеттік емес секторлардың Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған, қызметінің негізгі мәні медициналық техниканы кейіннен қаржылық лизинг шарттарында денсаулық сақтау ұйымдарына беру үшін сатып алуды ұйымдастыру және өткізу болып табылатын ұйым (бұдан әрі – лизинг беруші) қаражатының есебінен денсаулық сақтау ұйымдарының қаржылық лизинг шарттарында сатып алуын ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) тек бірыңғай дистрибьютордан сатып алуға жататын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізімі (бұдан әрі – бірыңғай дистрибьютордың тізімі) – денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жыл сайын әзірлейтін және бекітетін, дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атауларын немесе құрамын, медициналық мақсаттағы бұйымдардың атауларын, сондай-ақ техникалық сипаттамаларын, жасалған ұзақ мерзімді жеткізу шарттарының болуы туралы ақпаратты қамтитын құжат. Бірыңғай дистрибьютордың тізіміне республикалық бюджет қаражатының есебінен сатып алынатын медициналық мақсаттағы бұйымдар енгізіледі;"

мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган – индустрия және индустриялық-инновациялық даму саласында басшылықты жүзеге асыратын, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) ұзақ мерзімді жеткізу шарты – осы Ережеде белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету шеңберінде бірыңғай дистрибьютор Қазақстан Республикасының аумағында тиісті өндірістік практика стандарттарына сәйкес дәрілік заттардың, ISO стандарттарына сәйкес

медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құруға ниеті бар заңды тұлғамен жеті жылға дейінгі мерзімге жасайтын дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізуге арналған азаматтық-құқықтық шарт";

мынадай мазмұндағы 26), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33) және 34) тармақшалармен толықтырылсын:

"26) кепілдік берілген сервистік қызмет көрсету – шығыс материалдары мен тозатын тораптарды қоспағанда, жеткізілген медициналық техниканы тиісінше пайдалану және сақтау шартымен сатып алу шартында және қаржылық лизинг шартында келісілген мерзімге өнім беруші (дайындаушы, орындаушы) ұсынатын оны жарамды жай-күйде ұстау жөніндегі қызметтер кешені, ол техникалық қызмет көрсетудің, техникалық диагностикалаудың және жабдықты дефектациялаудың, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының, техникалық консультациялар мен оқытудың кез келген түрлерін қамтиды;

27) қаржылық лизинг шарты – лизинг беруші белгілі бір өнім берушіден мүлікті өз меншігіне сатып алуға және осы мүлікті лизинг алушыға уақытша иеленуге және пайдалануға ақылы түрде беруге міндеттенетін шарт, оның ішінде лизинг нысанасын сақтандыруды көздейді;

28) сатып алу туралы шарт – осы Ережеге және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес лизинг беруші/Тапсырыс беруші және өнім беруші арасында жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, барлық қосымшаларымен және оған толықтырулармен, сондай-ақ шартта сілтемесі бар барлық құжаттамалармен бірге тараптар қол қойған шарт;

29) клиникалық-техникалық негіздеме – сұрау салынған медициналық техниканың қажеттілігі және оны қолдануға денсаулық сақтау ұйымдарының әзірлігі туралы ақпаратты қамтитын құжат;

30) лизинг беруші – тартылған ақша және (немесе) өз ақшасы есебінен лизинг нысанасын меншігіне сатып алатын және оны лизинг алушыға қаржылық лизинг шартының талаптарымен беретін лизинг мәмілесіне қатысушы;

31) лизинг алушы – қаржылық лизинг шартының талаптарына орай лизинг нысанасын қабылдайтын денсаулық сақтау ұйымы (лизинг мәмілесіне қатысушы);

32) лизинг төлемдері – қаржылық лизинг шартын жасасқан сәттегі баға бойынша лизинг нысанасының бүкіл құнының өтелуін ескере отырып есептелуге тиіс және қаржылық лизинг шартының қолданылу мерзіміне жүзеге асырылатын, қаржылық лизинг шарты қолданылатын мерзімге қаржылық лизинг шарты бойынша төлемдердің жалпы сомасын білдіретін мерзімдік төлемдер, олар:

қаржылық лизинг шартына сәйкес лизинг берушіге лизинг нысанасын сатып алуға жұмсалған шығындарды және лизинг нысанасын сатып алуға, жеткізуге

және мақсаты бойынша пайдалану үшін оны жұмыс істейтін күйге келтіруге тікелей байланысты кез келген басқа шығыстарды өтеуді;

лизинг бойынша сыйақыны қамтиды;

33) біріздендіруді талап ететін медициналық техника – облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі медицина ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қоса алғанда, республикалық бюджет қаражатының есебінен сатып алынатын, біртекті медициналық қызметтерді көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымдары сатып алатын бір үлгідегі техникалық сипаттамалары бар медициналық техника;

34) лизинг мерзімі – қаржылық лизинг шартына сәйкес лизинг алушыға лизинг нысанасы уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін мерзім. Бұл ретте лизинг нысанасына лизинг берушінің меншік құқығын сақтай отырып, қаржылық лизинг шартын мерізімнен бұрын бұзу лизинг мерзімін өзгертуге әкеп соқтырмайды.";

7-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) бірыңғай дистрибьютор сатып алуды жүзеге асырған кезде:

екі кезеңдік рәсімді қолдану арқылы тендер өткізу;

бір көзден сатып алу;

жұқпалы және паразиттік аурулардың туындауы мен таралуының алдын алу, төтенше жағдайлардың салдарын болғызбау және жою үшін дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі;

дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды ұзақ мерзімді жеткізу шарты бойынша сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі;"

8-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1. Дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндірушінің ресми өкілі мәртебесі бар дәрілік заттардың, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттардың және (немесе) медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың әлеуетті өнім берушісі тендердің бір лоты бойынша дәрілік заттардың, профилактикалық (иммундық-биологиялық , диагностикалық, дезинфекциялық) препараттардың және (немесе) медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың бір ғана өндірушісін білдіреді.

Сатып алынатын негізгі медициналық техникамен жиынтықта бірге пайдалану үшін медициналық техника және/немесе медициналық мақсаттағы бұйым қосымша талап етілген жағдайда тендердің бір лоты бойынша

медициналық техниканың әлеуетті өнім берушісінің екі және одан да көп өндірушілерді ұсынуға құқығы бар.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тендерді ұйымдастырушы алда болатын дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алу туралы тендерлік өтініштерді қабылдау аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 20 күн бұрын аптасына үш реттен сиретпей шығарылатын және Қазақстан Республикасының аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау және ақпаратты сатып алуды ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастыру жолымен әлеуетті өнім берушілерді хабардар етеді.";

39-тармақтың 2) тармақшасында:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған соңғы қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстың түсіндірме жазбасымен бірге түпнұсқасы немесе нотариаттық куәландырылған көшірмесі. Егер конверттерді ашу ағымдағы жылдың 30 сәуіріне дейінгі мерзімде жүргізілген жағдайда, онда соңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстың түсіндірме жазбасымен бірге түпнұсқасы немесе нотариаттық куәландырылған көшірмесі ұсынылады;"

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"әлеуетті өнім беруге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар әлеуетті өнім берушінің осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстанның даму банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші бірнеше банктің немесе банк филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, бұл анықтама осындай банктердің немесе банк филиалдарының әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама тендірлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кешіктірмей берлуі тиіс. Анықтамаға қол қойған лауазымды тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың болмауы осындай әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес емес деп тану үшін негіздеме болып табылмайды.";

78-тармақтың 1) тармақшасының сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"әлеуетті өнім беруге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар әлеуетті өнім берушінің осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстанның даму банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші бірнеше банктің немесе банк филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, бұл анықтама осындай банктердің немесе банк филиалдарының әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама тендірлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кешіктірмей берлуі тиіс. Анықтамаға қол қойған лауазымды тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың болмауы осындай әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес емес деп тану үшін негіздеме болып табылмайды.";

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардан тұруы тиіс бірыңғай дистрибьютордың тізімін жыл сайын тиісті қаржы жылының бірінші шілдесінен кешіктірмей келесі күнтізбелік жылға бекітеді.

Бірыңғай дистрибьютордың тізімін уәкілетті орган дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атауын немесе құрамын, медициналық мақсаттағы бұйымдардың атауын, сондай-ақ техникалық сипаттамасын, жасалған ұзақ мерзімді жеткізу шарттары туралы ақпаратты көрсете отырып, бірыңғай дистрибьюторға жолдайды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу үшін бөлінетін бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар осы Ереженің 11-1-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган бекіткен бағадан аспайтын бағалар бойынша сатып алынады.";

87-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бекітілген бюджетке және ай сайынғы қажеттілікке сәйкес дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың саны.

Бұл ретте, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың саны ай сайын ең аз қаптамаға дейін дөнгелектенеді,";

8-1-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1-тарау. Медициналық техниканы сатып алуды жоспарлау және ұйымдастыру

88-1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде құны 5 000 000 (бес миллион) теңгеге дейінгі медициналық техниканы сатып алу:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарымен, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен;

2) жергілікті атқарушы органдарға бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарымен, денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органдарымен;

3) "Ұлттық медициналық холдинг" акционерлік қоғамымен "Ұлттық медициналық холдинг" акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарымен келісілген клиникалық-техникалық негіздеменің және техникалық ерекшеліктің негізінде осы Ереженің 7-тармағының 1) тармақшасында көзделген әдіспен жүзеге асырылады.

88-2. Құны 5 000 000 (бес миллион) теңгеден бастап 50 000 000 (елу миллион) теңгеге дейінгі медициналық техника қаржылық лизинг шарттарында және осы Ережеге сәйкес сатып алынады.

88-3. Құны 50 000 000 (елу миллион) теңгеден жоғары, сондай-ақ біріздендіруді талап ететін медициналық техниканы, медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастырушы, осы Ереженің 8-2-тарауына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі медицина ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қоса алғанда, республикалық бюджет қаражатының есебінен сатып алады. Сұрау салынған медициналық техниканың клиникалық-техникалық негіздемесіне, техникалық сипаттамасына және құнына сараптаманы лизинг беруші жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 8-2-тараумен толықтырылсын:

"8-2-тарау. Үкімет айқындаған тұлғаның медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастыруы

88-4. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі медицина ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қоса алғанда, республикалық бюджет қаражатының есебінен сатып алатын медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастырушы "СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болады (бұдан әрі – 8-2-тарауда СҚ-Фармация).

Денсаулық сақтау ұйымдарына қаржылық лизинг шартында кейіннен беру үшін лизинг беруші қаражаты есебінен сатып алынатын медициналық техника үшін сатып алуды ұйымдастырушы лизинг беруші болады, ал СҚ-Фармация осы Ереженің 3-бөлімінің 10 және 11-тарауларына сәйкес өнім берушілерді іріктеу бойынша тендер өткізеді.

Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін СҚ-Фармация мен лизинг беруші облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі медицина ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қоса алғанда, республикалық бюджет қаражатының есебінен сатып алатын және лизинг берушінің қаражаты есебінен сатып алатын медициналық техниканы сатып алу және жеткізу мониторингін жүргізеді және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша есеп береді.

88-5. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі медицина ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қоса алғанда, республикалық бюджет қаражатының есебінен сатып алатын медициналық техниканы сатып алуды дайындау және ұйымдастыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган құрамында тізбесі, клиникалық-техникалық негіздемесі, техникалық өзіндік ерекшелігі, саны, мерзімі, жеткізу шарты мен орны, медициналық техниканың әрбір атауы бойынша сатып алу үшін бөлінген сомасы бар тапсырыс берушілерден алған ақпаратты лизинг берушіге ұсынады.

Лизинг беруші денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты ұсынған сәттен бастап күнтізбелік қырық күн ішінде әрбір атауы бойынша медициналық техниканың клиникалық-техникалық негіздемесі, техникалық өзіндік ерекшелігі (техникалық сипаттамасы) және құны бөлігінде сараптама жүргізеді және сараптама қорытындысын шығарады.

Ұсынылған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы бұзылған жағдайда лизинг беруші ақпаратты денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға қарамай қайтарады.

Лизинг беруші сараптама қорытындысы шыққан сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны сатып алынатын медициналық техниканың техникалық өзіндік ерекшелігімен қоса ескертулерді жою, қарау және бекіту үшін тапсырыс берушілерге жібереді.

Тапсырыс берушілер он жұмыс күні ішінде ескертулерді жояды, сатып алынатын медициналық техниканың техникалық өзіндік ерекшелігін қарайды

және жазбаша түрде бекітеді, оның әрбір бетіне тапсырыс берушінің басшысы қол қояды, мөрмен бекітеді және лизинг берушіге ұсынады.

Тапсырыс берушілер сатып алынатын медициналық техниканың техникалық өзіндік ерекшелігіне тапсырыс берушінің толық атауын, банктік деректемелерін, мекенжайын (пошталық және заңды), байланыс телефонының/факсінің нөмірін, электрондық поштасының мекенжайын, тапсырыс беруші басшысының лауазымын және Т.А.Ә., сатып алынатын медициналық техниканы техникалық пайдалану жағдайын, сатып алынатын медициналық техниканы пайдалануға арналған мамандар туралы мәліметті қоса береді.

Тапсырыс берушінің осы медициналық техникаға қажеттілігін және тапсырыс берушінің осы медициналық техниканы пайдалануға беру дайындығын белгілеу мақсатында лизинг беруші тапсырыс берушіден сараптама қорытындысымен қоса техникалық өзіндік ерекшелікті және осы Ереженің 88-5-тармағының алтыншы бөлігінде көрсетілген ақпаратты алған сәттен бастап оларды үш жұмыс күні ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға келісуге жібереді.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган лизинг берушіден медициналық техниканың техникалық өзіндік ерекшелігін, сараптама қорытындысын және осы Ереженің 88-5-тармағының алтыншы бөлігінде көрсетілген ақпаратты алған сәттен бастап он бес жұмыс күн ішінде тендер өткізу үшін СҚ-Фармацияға жібереді.

88-6. Денсаулық сақтау ұйымы қаржылық лизинг шартында сатып алынатын медициналық техниканың техникалық сипаттасыманың (техникалық өзіндік ерекшеліктерінің) оңтайлы параметрлерін анықтау үшін клиникалық-техникалық негіздемені, техникалық өзіндік ерекшелікті және техникалық, ұйымдастырушылық сараптаманы және құн сараптамасын, сондай-ақ қаржылық лизинг шарттары мен талаптарына сәйкестікті жүргізу үшін лизинг беруші айқындаған құжаттар тізбесіне сәйкес тәртіппен басқа да құжаттарды ұсынады.

Лизинг беруші техникалық, ұйымдастырушылық сараптаманы және құн сараптамасын, сондай-ақ қаржылық лизинг шарттары мен талаптарына сәйкестікті жүргізгеннен кейін он жұмыс күні ішінде сатып алуға жоспарланған медициналық техниканың тізбесін әзірлейді, оны алған сәттен бастап он бес жұмыс күн ішінде медициналық техниканың тізбесін келісуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жібереді.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісілген медициналық техниканың тізбесін лизинг беруші он бес жұмыс күні ішінде екі кезеңдік рәсімді және бір көзден сатып алуды пайдалана отырып, медициналық техниканың өнім берушілерін іріктеу бойынша тендерді ұйымдастыру және өткізу үшін СҚ-Фармацияға жібереді. Тендер өткізгеннен кейін СҚ-Фармация лизинг

берушіге он жұмыс күні ішінде жеңімпаз деп анықталған өнім берушілердің тізбесін жібереді.

Өнім берушілерді айқындау қорытындысы бойынша лизинг беруші он бес жұмыс күн ішінде денсаулық сақтау ұйымдарымен қаржылық лизинг шартын жасасады, одан кейін он бес жұмыс күні ішінде өнім берушілермен медициналық техниканы сатып алу туралы шарт жасасады.

Лизинг беруші мен өнім беруші арасында сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін соңғысы денсаулық сақтау ұйымына лизинг нысанасын, сатып алу шарттарында көрсетілген, бірақ отыз жеті айдан кем емес мерзімге қосу-жөндеу жұмыстарын, персоналдарды оқытуды және сатып алу туралы шартта көрсетілген кезеңге медициналық техникаға кепілдік берілген сервистік қызмет көрсетуді ұсынады.

88-7. Жобаланған және салынып жатқан денсаулық сақтау объектілеріне медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастыру мақсатында СҚ-Фармация құрамында тізбесі, техникалық сипаттамасы, денсаулық сақтау объектілері бөлімшелерінің бөлінісінде әрбір атауы бойынша медициналық техниканы сатып алу үшін бөлінген сомасы мен саны болуы тиіс, жобаланған және салынып жатқан денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ұсынған ақпарат бойынша техникалық сипаттама мен оның құны бөлігінде сараптама жүргізеді.

Жобаланған және салынып жатқан денсаулық сақтау объектілеріне медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастыру мақсатында СҚ-Фармация құрамында тізбесі, техникалық сипаттамасы, денсаулық сақтау объектілері бөлімшелерінің бөлінісінде әрбір атауы бойынша медициналық техниканы сатып алу үшін бөлінген сомасы мен саны болуы тиіс, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ұсынған ақпарат бойынша техникалық сипаттама бөлігінде сараптама жүргізеді.

Жобаланған және салынып жатқан денсаулық сақтау объектілеріне арналған медициналық техника құнының сараптамасын құрамында тізбесі, техникалық сипаттамасы, денсаулық сақтау объектілері бөлімшелерінің бөлінісінде әрбір атауы бойынша медициналық техниканы сатып алу үшін бөлінген сомасы мен саны болуы тиіс, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ұсынған ақпарат бойынша лизинг беруші жүзеге асырады.

88-8. СҚ-Фармация денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органнан ақпарат алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде жобаланған және салынып жатқан денсаулық сақтау объектілеріне сатып алынуға тиіс медициналық техниканың техникалық сипаттамасының оңтайлы параметрлерін айқындау үшін сұратылатын медициналық техниканың үлгілерінен тұратын бейін бойынша мамандардан, ұйымдардың сарапшыларынан, медициналық техниканы сараптауды жүзеге асыратын аккредиттелген сарапшылардан, лизинг беруші

өкілдерінен (келісім бойынша) құрылған сараптама комиссиясын құрады. Сараптама комиссиясының құрамы медициналық техниканы сатып алу бейіні бойынша сарапшылар тобынан құрылуы тиіс. Сараптама комиссиясының және/немесе сараптама тобының мүшелерінің жалпы саны тақ саннан немесе кемінде үш адамнан тұруы тиіс.

Сараптама комиссиясы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген ақпараттың негізінде үш жұмыс күні ішінде жобаланған және салынып жатқан денсаулық сақтау объектілеріне сатып алынуға тиіс медициналық техниканың техникалық сипаттамаларының (техникалық өзіндік ерекшелігінің) оңтайлы параметрлерін айқындайды. Сараптамалық қорытынды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгіленген түрде жазбаша ресімделеді, оның әрбір бетіне қол қойылып, ал соңғы бетіне сараптама комиссиясының немесе сараптама тобының мүшелері қол қояды және сараптама комиссиясы отырысының хаттамасы қоса беріледі.

Сараптама комиссиясы өзінің қызметін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органда сараптама қорытындысы шығарылғаннан кейін тоқтатады.

88-9. СҚ-Фармация бес жұмыс күні ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісілген тапсырыс берушілер ұсынған сатып алынатын медициналық техника тізімдерінің және/немесе осы Ереженің 88-7-тармағының бірінші бөлігінде, ал 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап 88-7-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген ақпараттың негізінде әрбір атауы бойынша медициналық техниканың тізбесі, саны, жеткізу мерзімі, шарттары мен орны, бағасы және сатып алу үшін бөлінген сома, техникалық сипаттама (техникалық өзіндік ерекшелік) қамтылған сатып алынатын медициналық техниканың әрбір атауы бойынша сатып алынатын медициналық техниканың жиынтық тізімін қалыптастырады және тендер жариялайды және осы Ереженің 3 бөлімінің 10 және 11-тарауларында көзделген тәртіппен өнім берушілерді таңдауды жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 105-1-тармақпен толықтырылсын:

"105-1. Бірыңғай дистрибьютор немесе медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттама әзірлемейді. Әлеуетті өнім берушілер тендерлік өтінімді осы Ережеге сәйкес қалыптастырады.";

107-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"107. Егер әлеуетті өнім беруші:

1) тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін тендерлік өтінімді кері қайтарып алған немесе өзгерткен (тендерлік өтінімге өзгерістер осы Ережеге сәйкес бірыңғай дистрибьютордың/сатып алуды ұйымдастырушының ескертулері негізінде енгізілетін жағдайларды қоспағанда);

2) екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын тендердің жеңімпазы деп танылса, бірақ жеткізу шартын уақтылы жасамаса;

3) өнім беру шартын жасап, шартты орындауды кепілдікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындамаса немесе уақтылы орындамаса, тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді бірыңғай дистрибьютор немесе медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастырушы қайтармайды.

122-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлеуетті өнім беруші тендердің қандай да бір лоты бойынша бастапқы баға ұсынысын ұсынбаған жағдайда әлеуетті өнім беруші осы лот бойынша түпкілікті баға ұсынысын ұсыну мүмкіндігінен айырылады және тендердің жеке лоты бойынша ең төменгі бағаны анықтау рәсіміне қатысудан шеттетіледі.";

123-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"123. Егер баға ұсынысы лот бойынша сатып алу үшін бөлінген сомадан асатын болса комиссия оны, қарамайды және осы лот бойынша мұндай баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімін қарамайды. Бұл ретте, егер осы лот бойынша ең төмен бағаны анықтау рәсіміне қатысуға екіден аз тендерлік өтінім қалса, комиссия лот бойынша екі кезеңдік рәсімді пайдаланылатын тендерді өткізілмеді деп таниды.";

124-тармақта:

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Түпкілікті баға ұсыныстарын қабылдау уақыты осындай ұсыныстарды қабылдаудың басталуы туралы комиссия хатшысы хабарлаған сәттен бастап бес минутқа дейін болады. Егер бастапқы баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім беруші түпкілікті баға ұсынысын ұсынбаған жағдайда комиссия оның бастапқы ұсынған баға ұсынысын түпкілікті ұсыныс ретінде қабылдайды.";

төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ең төменгі түпкілікті баға ұсыныстарының екі немесе одан да көбі бірдей болған кезде ең төменгі баға ұсынысын анықтау үшін үшінші баға ұсынысын ұсынуға болады.";

131-тармақтың 6) тармақшасы алынып тасталсын;

132-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"132. Бірыңғай дистрибьютор немесе медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастырушы осы Ереженің 131-тармағының 1)- 5) тармақшаларына сәйкес бір көзден сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіден (осы Ереженің 131-тармағының 7) тармақшасына, 11-2-тарауына сәйкес шарт жасалған өнім берушілерді қоспағанда) мыналарды сұратады:

1) баға ұсынысы;

2) әлеуетті өнім берушінің осы Ереженің 8-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар. Осы Ереженің 131-тармағының 1),

2) тармақшаларына сәйкес бір көзден сатып алуды жүзеге асырған кезде, бұдан бұрын осы Ереженің талаптарына сәйкес тендерлік өтінімді ұсынған әлеуетті өнім беруші бірыңғай дистрибьютор мен медициналық техниканы ұйымдастырушыға осы Ереженің 8-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынбайды;

3) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың осы Ереженің 4-тарауында көзделген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар.":

132-1-тармақ алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 132-3-тармақпен толықтырылсын:

"132-3. Осы Ереженің 131-тармағының 7) тармақшасына сәйкес бір көзден сатып алуды жүзеге асырған кезде бірыңғай дистрибьютор әлеуетті өнім беруші – шетелдік өндірушіден (дайындаушы зауыттан) мыналарды сұратады:

1) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың бағасы бойынша ұсыныс;

2) осы Ереженің 12, 13-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкестікті растайтын құжаттар;

3) шетелдік өндірушінің (дайындаушы зауыттың) шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы бар заңдастырылған немесе апостильденген құжат.

Егер шетелдік өндірушінің (дайындаушы зауыттың) Қазақстан Республикасының аумағында өкілдігі/филиалы болса, өкілдікті/филиалды есептік тіркеу туралы куәлік, өкілдік/филиал туралы Ереже ғана ұсынылады;

4) нотариалды куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасы бар дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіруге және/немесе көтерме, бөлшек саудада сатуға шетелдік өндіруші (дайындаушы зауыт) құқығын растайтын құжаттың заңдастырылған немесе апостильденген көшірмесі.":

мынадай мазмұндағы 11-2-тараумен толықтырылсын:

"11-2- тарау. Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды ұзақ мерзімді шарт бойынша сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі

133-8. Ұзақ мерзімді жеткізу шарты бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу:

1) бірыңғай дистрибьютордың бастамасымен;

2) әлеуетті өнім берушінің бірыңғай дистрибьюторға атауын (халықаралық патенттелмеген атауы немесе дәрілік заттардың құрамы немесе медициналық

мақсаттағы бұйымдардың атауы) және дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың техникалық сипаттамасын көрсете отырып ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасау туралы өтініші бойынша жүзеге асырылады.

133-9. Бірыңғай дистрибьютор бұрын жасалған ұзақ мерзімді жеткізу шарттары бойынша талдау жүргізеді және бұрын жасалған жеткізу шарттары болмаған жағдайда ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасау мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

133-10. Ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасау мүмкіндігі туралы шешім қабылдағаннан кейін бірыңғай дистрибьютор денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органнан он бес жұмыс күн ішінде дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тиісті атаулары бойынша ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасаудың орындылығы туралы қорытындыны сұратады.

133-11. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бірыңғай дистрибьютор өтініш берген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде бірыңғай дистрибьюторға халықаралық патенттелмеген атауы немесе дәрілік заттың құрамы және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымның атауы, техникалық өзіндік ерекшелігі және ұзақ мерзімді жеткізу шарты бойынша дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың әрбір атауы бойынша жеткізу кезеңінің ұзақтығы көрсетілген ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасудың орындылығы туралы қорытындыны ұсынады.

133-12. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органнан ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасудың орындысыздығы туралы қорытынды алған жағдайда бірыңғай дистрибьютор ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасау жөнінде конкурс жарияламайды.

133-13. Бірыңғай дистрибьютор уәкілетті органнан қорытындыда көрсетілген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар атаулары бойынша қорытынды алған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде ұзақ мерзімді өнім беруші шартын жасасуға конкурс жариялайды.

133-14. Ұзақ мерзімді жеткізу шарттарын жасауға конкурстарды ұйымдастыру мен жүргізу үшін бірыңғай дистрибьютор конкурстық комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады және оның құрамын бекітеді.

Комиссия сондай-ақ ұзақ мерзімді жеткізу шартын өзгерту және/немесе бұзу мәселелерін бірыңғай дистрибьютордың бастамасымен қарайды, оның нәтижесі бойынша хаттама әзірлейді.

133-15. Комиссия құрамына бірыңғай дистрибьютордың бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам, бәсекелестікті

қорғау жөніндегі уәкілетті органның басшы немесе ол уәкілеттік берген адам, бірыңғай дистрибьютордың қызметкерлері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері (келісім бойынша), үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері (келісім бойынша), аккредиттелген бейінді қауымдастық өкілдері (келісім бойынша) кіреді.

133-16. Комиссия құрамына төраға, төрағаның орынбасары және комиссия мүшелері кіреді. Комиссияның жалпы саны тақ болуы және тоғыз адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

133-17. Комиссия оны құру туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тұрақты негізде әрекет етеді.

133-18. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, комиссия отырыстарында төрағалық етеді, жұмысты жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның қызметін орынбасары атқарады.

133-19. Комиссия хатшысы бірыңғай дистрибьютордың қызметкері болып табылады. Комиссия хатшысы әлеуетті өнім берушілерден конкурстық өтінімдерді қабылдайды, комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттар мен материалдарды әзірлейді, комиссия отырысы өткеннен кейін хаттаманы ресімдейді, келіп түскен конкурстық өтінімдерді тіркеу журналын жүргізеді, онда әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерді ұсынған уақыты мен күндері, әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Келіп түскен конкурстық өтінімдерді тіркеу журналы тігілген, беттері нөмірленген болуы тиіс, соңғы парағы бірыңғай дистрибьютордың мөрімен расталған болуы тиіс.

133-20. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екі қатысқан жағдайда өткізіледі. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған конкурстық комиссияның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссияның төрағасы немесе ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

133-21. Конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесі болмаған жағдайда конкурстық комиссия отырысының хаттамасында аталған фактіні растайтын құжатты қоса бере отырып, оның болмау себебі көрсетіледі.

133-22. Комиссия мүшелерінің қажетті саны болмаған жағдайда, онда бірыңғай дистрибьютор комиссия құрамына комиссияның жоқ мүшелерін

ауыстыру бөлігінде оларды ауыстырудың себебін көрсете отырып өзгеріс енгізеді.

133-23. Комиссия отырысының хаттамасына комиссияның барлық қатысқан мүшелері, оның төрағасы, оның орынбасары және хатшысы қол қояды.

133-24. Ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу үшін конкурс өткізу туралы әлеуетті өнім берушілерге конкурстық өтінімдерді қабылдау күні аяқталуына дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн қалғанда республикалық кезеңдік басылымдарды және (немесе) бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсында хабарландыруды мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау арқылы хабарланады.

133-25. Ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу үшін конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерден тұрады:

- 1) бірыңғай дистрибьютордың атауы, мекенжайы және банктік деректемелері;
- 2) дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауы немесе құрамы және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдардың атауы;
- 3) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың техникалық сипаттамасы (техникалық сипаттама туралы мәліметтердің көлемі қомақты болған кезде бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсында ғана орналасуы мүмкін);
- 4) конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдауды аяқтау күні, уақыты және орны.

133-26. Ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу бойынша конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушілер мынадай құжаттар тізбесіне сәйкес өтінім береді:

- 1) ерікті түрдегі конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған соңғы қаржы жылына арналған қаржылық есептіліктің түпнұсқасы немесе нотариаттық расталған көшірмесі;
- 3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариаттық расталған көшірмесі;
- 4) заңды тұлғалар үшін жарғының нотариаттық расталған көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмеген, сондай-ақ акцияны ұстаушылардың тіркелімінен үзінді немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе құрылтай шартының нотариаттық куәландырылған көшірмесін ұсынады);
- 5) техникалық-экономикалық негіздеме және/немесе бизнес-жоспар (дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құру жөніндегі

инвестициялық жобаны іске асыру мерзімі, жеткізу кезеңінің басталу күні, кезеңдері және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құру жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру кестесі көрсетілген);

6) жобаны іске асыру үшін тартылатын біліктілігі, мамандықтары бойынша жұмыс өтілдері, ұқсас жобаларға қатысқандары жөнінде мәліметтері көрсетілген мамандардың болуы және саны туралы мәлімет;

7) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құру жөніндегі инвестициялық жобаны қаржыландыру көздері туралы құжат;

8) дәрілік заттар үшін тиісті өндірістік практиканың стандарттарын немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар үшін ISO стандарттарын енгізу жөніндегі әлеуетті өнім берушінің кепілдік хаты;

9) жұмыс және инновациялық құрамдаушы тәжірибесінің болуы/болмауы туралы хат.

133-27. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімнің нөмірленген беттері бар, түпнұсқалары мен көшірмелері, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың нақты мекенжайлары көрсетілген жеке тігілген түрде түпнұсқасы мен көшірмесін ұсынады, соңғы парағы мөрмен расталады.

133-28. Ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасуға арналған конкурс әрбір лот бойынша бағалау мен салыстырудың мынадай критерийлері пайдаланыла отырып жүзеге асырылады:

- 1) жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) қаржылық орнықтылық;
- 3) инновациялық құрамдастың болуы;
- 4) активтердің болуы;

5) дәрілік заттар үшін тиісті өндірістік практиканың стандарттарын немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар үшін ISO стандарттарын енгізу бойынша міндеттер;

6) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құру жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру кезеңдері мен кестесі;

7) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құру жөніндегі инвестициялық жобаның пысықталуы;

8) құзыретті персоналдың болуы;

9) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құру жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру мерзімдері бойынша міндеттемелері және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізудің басталуы.

133-29. Комиссия хатшысы конкурстық өтінімнің көшірмесін инвестициялық жобаны іске асырудың орындылығы туралы салалық қорытындыны алу үшін

индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға жібереді.

133-30. Құрамында, оның ішінде дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың әрбір атауы бойынша басымдық берілетін анағұрлым әлеуетті өнім беруші туралы ақпарат бар индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның салалық қорытындысы он жұмыс күні ішінде комиссияға ұсынылады.

133-31. Комиссия конкурстық өтінімнен мынадай:

1) конкурстық өтінім осы Ереженің 133-26 және 133-27-тармақтарына сәйкес ұсынылмаған;

2) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органнан инвестициялық жобаны іске асырудың орынсыздығы туралы салалық қорытынды алынған жағдайда бас тартады.

133-32. Егер ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу жөніндегі конкурс немесе тиісті лот:

1) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың тиісті атауы бойынша бірде бір конкурстық өтінімдер ұсынылмаған жағдайда;

2) лотқа сәйкес барлық конкурстық өтінімдер тоқтатылғанда өткізілмеді деп танылады.

133-33. Жеңімпазды комиссия осы Ереженің 133-28-тармағында көрсетілген бағалау мен салыстыру критерийлерінің негізінде қатысушы комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен айқындайды.

133-34. Комиссия индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органнан салалық қорытындыны алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделетін шешім қабылдайды.

133-35. Хаттамада мыналар:

1) жеңімпаздың атауы;

2) ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасау үшін дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың номенклатурасы және техникалық сипаттамасы;

3) ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасау үшін ұсынылған дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу көлемінің үлесі;

4) инвестициялық жобаны іске асыру мерзімі;

5) жеткізу кезеңінің басталған күні;

6) өтінімдерінен бас тартылған негіздемесі көрсетілген әлеуетті жеткізушілердің атауы көрсетіледі.

133-36. Бірыңғай дистрибьютор хаттамаға қол қойылған сәттен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде хаттама негізінде ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасады.

133-37. Ұзақ мерзімді жеткізу шарттары бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу басталғанға дейін бірыңғай дистрибьютор оларды осы Ереженің 10, 11-тарауларына сәйкес сатып алады.";

141 және 142-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"141. Бірыңғай дистрибьютор немесе сатып алуды ұйымдастырушы егер өнім беруші:

1) шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаса және шартта көзделген айыппұл санкцияларын төлемесе;

2) шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаса (өнім беру мерзімінің бұзылуы, сапасыз дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы беру, басқа да шарт талаптарын бұзу) және шартта көзделген айыппұл санкцияларын төлемесе, өнім берушінің енгізген шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап қалады.

142. Сатып алуды өткізу кезінде бұзушылықтар анықталған жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушының (бірыңғай дистрибьютордың) басшысы мұндай сатып алуды тұтастай немесе тиісті лоттар бойынша жарамсыз деп тануға құқылы.";

мынадай мазмұндағы 142-1-тармақпен толықтырылсын:

"142-1. Лизинг беруші өнім беруші техникалық өзіндік ерекшелігінен ақауы бар медициналық техниканы ұсынған және/немесе осы медициналық техниканың бейіні, бағыты және жеткізілуі жоспарланған денсаулық сақтау ұйымының қызмет түріне сәйкес келмеген жағдайда тендер жеңімпазымен сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартуға құқығы бар. Бұл жағдайда лизинг беруші лизинг шарттарында медициналық техниканы сатып алатын денсаулық сақтау ұйымының жазбаша хабарламасы негізінде сатып алуды ұйымдастырушыға және тендер жеңімпазына сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартатыны туралы хабарлайды.";

көрсетілген Ережеге 4-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 6-1-қосымшада:

"Осыған байланысты _____ (банктің атауы) біз Сіздің ақы төлеуге жазбаша талабыңызды, сондай-ақ Өнім берушінің:

тендер өтінімін қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін тендер өтінімін кері қайтарғанын;

екі кезеңдік рәсімдерді пайдаланумен тендер жеңімпазы болып танылып, бірақ жеткізу шартын уақтылы жасаспағанын;

жеткізу шартын жасасып, орындамағанын не шартты орындаудың кепілді қамтамасыз етуді енгізу бойынша талаптарды уақтылы орындамағанын;

ең төменгі бағаны анықтау рәсіміне қатысуға рұқсат етілгенін, бірақ рұқсат ету хаттамасында көрсетілген мерзімде баға ұсыныстарын ұсынбағанын жазбаша растауыңызды алғаннан кейін өзімізге Сіздің талабыңыз бойынша

(цифрмен және жазумен сома)

тең соманы төлеуге Сізге мерзімінде міндеттеме аламыз" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Осыған байланысты _____ (банктің атауы) біз Сіздің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу Ережесінің 107-тармағында көзделген негіздер бойынша ақы төлеуге жазбаша талабыңызды алғаннан кейін Сіздің талабыңыз бойынша

(сомасы цифрмен және жазумен)

тең соманы Сізге төлеуге бұлтартпас міндеттеме аламыз;"

көрсетілген қаулыға 7-қосымшада:

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Тауардың істен шыққаны туралы хабарлама алғаннан кейін әлеуетті өнім беруші хабарлама алған сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағаттан аспайтын мерзімде болжамды жөндеу жұмыстарының себептерін, мерзімдерін айқындау үшін білікті мамандарды жергілікті жерге жіберуді қамтамасыз етеді. Өнім беруші дайындаушы-зауыт өндірген қосалқы бөлшектерді және тораптарды пайдалана отырып жөндеу жұмысын немесе бір ай ішінде тапсырыс берушінің тарапынан қандай да бір шығыстарсыз ақауы бар тауарды немесе оның бөлшектерін ауыстыруды жүргізуге тиіс."

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Өнім беруші тарапынан өнім беруді орындауды кешіктіру шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап қалуға және тұрақсыздық айыппұлын төлеуге әкеп соқтырады.";

32-тармақтың қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді:

көрсетілген Ережеге 11-қосымшаның 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тиеуді қоса алғанда, өнім сатып алушыға оны тиеу, темір жол және/немесе автомобиль көлігі арқылы тасымалдау, ауыстырып, түсіру кезінде өнімді бүлінуден сақтауды қамтамасыз ететін паллеттерде, тиісті қаптамада жеткізілуі тиіс.";

көрсетілген Ережеге 12-қосымшада:

"(банктің (банк филиалының) бірінші басшысы немесе оның орынбасары мен банктің бірінші бухгалтері атынан)" деген жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы 1-тармақтың 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін жетпіс алтыншы, жетпіс жетінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

1-тармақтың жетпіс бесінші абзацы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 8 қарашадағы

№ 1415 қаулысына

қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік

берілетін көлемін көрсету бойынша

дәрілік

заттарды, профилактикалық (иммундық-

биологиялық, диагностикалық,

дезинфекциялық)

препараттарды, медициналық мақсаттағы

бұйымдарды және медициналық

техниканы,

фармацевтикалық қызметтерді сатып

алуды

ұйымдастыру және өткізу ережесіне

4-қосымша

Берешектің жоқтығы туралы анықтама

Банк/банк филиалы (атауы) _____ жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамдағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына сәйкес осы банкте/банк филиалында қызмет көрсетілетін (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның толық атауы, мекенжайы, СТН, БСК және т.б. көрсету қажет) банк алдында анықтама берілген айдың алдыңғы үш айдан созылған мерзімі өткен берешегінің жоқ екендігін растайды.

Күні

Қолы

М.О.